

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ




«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқармасының
«30» ПРАВОСІЯС 2026 жылғы
№ 6 шешімімен бекітілген



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының профессорлық-
оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің жарияланымдық
белсенділігін ынталандыру тәртібі туралы ереже

Көшірме	Әзірледі	Келісілді
	Сұлтан Е. 	Иштекбаев Ж.Е. 
	Абсатова М. 	Нарбекова Б.М. 
		Аменова К.А. 
		Искакова А.Т. 
		Мұсабаев Н.Б. 
		Жақауов М.Д. 
		Кудабаев Е.А. 

Алматы, 2026

1. Жалпы ережелер

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің жарияланымдық белсенділігін ынталандыру тәртібі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) ғылымистриялық көрсеткіштер негізінде Scopus және Web of Science деректер базасында индекстелетін шетелдік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар нәтижелері бойынша Қоғамның ПОҚ мен қызметкерлерінің жарияланымдық белсенділігін ынталандыру шараларын белгілеу мақсатында Қоғамның Жарғысына, Қоғамның 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасына және Басқарма отырысының 2024 жылғы 27 наурыздағы шешімі № 26 хаттамамен бекітілген 2024 жылға арналған жалпыуниверситеттік іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленді

Осы Ереженің негізгі міндеттері:

- ғылыми қызметті ынталандыру жүйесін жетілдіру және Қоғамның даму бағдарламасын іске асыру;
- жоғары рейтингті журналдарда жариялау белсенділігін арттыру.

2. Сыйақы беру тәртібі

2.1 Қоғамның ПОҚ және қызметкерлеріне сыйақы төлеу өткен күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша Scopus немесе Web of Science дерекқорларында индекстелетін ғылыми басылымдардағы жарияланымдық белсенділігіне жүргізілген мониторинг және талдау нәтижелері бойынша төмендегідей белгіленеді және айқындалады:

- үміткердің ғылыми саласы бойынша Web of Science дерекқорының 1, 2 квантилине (Q1-Q2) кіретін және Scopus дерекқорында 50 процентильден кем емес көрсеткішке ие халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланымдарының болуымен;

- Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін басылымдардағы жарияланымдардағы авторды анықтау арқылы.

2.2 Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін басылымдардағы жарияланымдардың болуы PhD білім беру бағдарламасының талабы болып табылатындықтан, докторанттармен бірлесіп жазылған жарияланымдар үшін сыйақы белгіленбейді.

2.3 ҚР ІЖБМ гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың ғылыми жобалары шеңберінде немесе халықаралық, интеграциялық, сондай-ақ университетішілік жобалар аясында орындалған жарияланымдар үшін сыйақы белгіленбейді.

2.4. Scopus немесе Web of Science дерекқорларында индекстелетін басылымдардағы жарияланымдардың болуы профессор-зерттеуші лауазымының талабы болып табылатындықтан, профессор-зерттеуші лауазымы шеңберінде жарық көрген жарияланымдарға сыйақы белгіленбейді. Профессор-зерттеуші 2 (екі) жарияланымнан артық жариялаған кезде сыйақы осы Ереженің қағидаларына сәйкес белгіленеді.

2.5 Scopus немесе Web of Science дерекқорларында индекстелетін басылымдардағы жарияланымдардың болуы постдокторантураға қойылатын талап болып табылатындықтан, постдокторантура шеңберінде жарық көрген жарияланымдар үшін сыйақы белгіленбейді. Постдокторант 2 (екі) жарияланымнан артық жариялаған кезде сыйақы осы Ереженің қағидаларына сәйкес белгіленеді.

2.6 Қоғамның штаттан тыс ПОҚ және қызметкерлеріне, ҚР білім беру және ғылыми ұйымдарының және/немесе шетелдік университеттердің бірлескен авторларына сыйақы белгіленбейді.

2.7 «Баспада» деген белгісі бар жарияланымдардың авторларына сыйақы берілмейді.

3. ПОҚ мен қызметкерлердің жарияланымдық белсенділігін ынталандыру шаралары және оларды қолдану тәртібі

3.1 Осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкес келетін ғылыми басылымдардағы жарияланымдардың нәтижелері бойынша Қоғамның ПОҚ мен қызметкерлерінің

жарияланымдық белсенділігін ынталандыру шаралары Қоғамның өз қаражаты есебінен Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен белгіленетін сыйақылар/ақпалай сыйақылар мөлшерлері болып табылады. Жарияланымдық белсенділігін ынталандыруға арналған қаражаттың жалпы көлемі жыл сайын Қоғамның бюджетін қалыптастыру кезінде зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша айқындалады және Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.2 Қоғамның ПОҚ және қызметкерлерінің Абай атындағы ҚазҰПУ аффилиациясымен Scopus немесе Web of Science дерекқорларында индекстелетін басылымдардағы жарияланымдары үшін көтермелеу төмендегідей тәртіппен белгіленеді:

- Scopus процентілі 75-99 / Q1 Web of Science басылымдарындағы жарияланым үшін 400 000 (төрт жүз мың) теңге;

- Scopus процентілі 50-74 / Q2 Web of Science басылымдарындағы жарияланым үшін 300 000 (үш жүз мың) теңге;

3.2.2 Абай атындағы ҚазҰПУ аффилиациясымен автор үшін 1 (бір) жарияланымның сыйақы мөлшері:

Scopus процентілі 75-99 және Q1 Web of Science	Scopus процентілі 50-74 немесе Q2 Web of Science
400 000 тг	300 000 тг

3.3 Web of Science немесе Scopus дерекқорларында индекстелетін ғылыми басылымдардағы 1 жарияланымның авторлары Абай атындағы ҚазҰПУ аффилиациясымен болған жағдайда, сыйақы теңдей белгіленеді.

3.4 Авторды (авторларды) материалдық ынталандыру туралы ақпарат оның еңбегін жоғары бағалаудың дәлелі ретінде Қоғамның веб-сайтында немесе Қоғамның басқа да баспа немесе интернет-басылымдарында жариялануы мүмкін.

4. Қорытынды ережелер

4.1 Осы Ереже Қоғамдағы персоналмен жұмысты ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің бір бөлігі болып табылады.

4.2 Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар Қоғамның Басқарма іс-шаралары негізінде жаңа Ережені әзірлеу немесе осы Ережеге қосымшалар түріндегі өзгертулер (толықтырулар) рәсімдеу арқылы енгізіледі және Қоғамның барлық мүдделі тұлғаларының назарына жеткізіледі.

4.3 Осы Ереженің орындалуын бақылау Қоғамның зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректорына жүктеледі.